



**№1 (42)
2016**

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.С. Тукиев
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сактағанов
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172) 74-02-06; факс: 8(7172) 74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

«ҚР ЗАҢНАМА ИНСТИТУТЫНЫҢ
ЖАРШЫСЫНА» - 10 ЖЫЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің коллегиясының отырысы туралы, Астана қ., 2016 жылғы 31 наурыз (ҚР Әділет министрлігінің баспасөз қызметі)	5
«Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы» ғылыми-құқықтық журналының 10 жылдығы	6
Конституциялық және әкімшілік құқық	8
А.С. СМАН Әділдік жолында: қазақ мемлекеттілігі және оның мұрасы (тарихи-құқықтық аспекті)	8
Н.М. ПРИМАШЕВ Конституцияның заңдық күші мен құқықтық сапа: өзара тәуелділік диалектикасы	15
Т.М. ТОҚПАЕВА Мемлекеттік органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент транспаренттік және есеп беретін мемлекеттің тиімді компоненті ретінде.....	21
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	27
В.Т. ҚОНЫС Alternative Dispute Resolution in the USA: analysis of main advantages and disadvantages (Америка Құрама Штаттарында дауларды балама жолмен шешу: негізгі артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау)	27
Р.Е. ЖАҚЫПОВ Қазақстан Республикасының еңбек құқығындағы кепілдік төлемнің мәселелері	32
Г.К. САҒИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Экологиялық және кәсіпкерлік заңнамасын жетілдіру аясындағы «экологиялық басқару» және «экологиялық менеджмент» ұғымдарының этимологиясы.....	37
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	40
З.К. АЮПОВА, Д.У. ҚҰСАЙЫНОВ Терроризм және экстремизмнің әлеуметтік-мәдени негіздері және оларды болғызбау туралы мәселесіне	40
Р.А. ОРСАЕВА Кәмелетке толмағандардың топтық қылмыстық құқық бұзушылықтарының ерекшеліктері.....	46
Ж.К. КОЖАНТАЕВА Адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасайтын алаяқтық, сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін иемденіп алу немесе жымқыру ерекшеліктері	53

<i>Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану</i>	56
М.А. СӨРСЕМБАЕВ ДСҰ мен ЭЫДҰ талаптарына сәйкес Қазақстанның АӨК өнімдерін экспортқа шығарудың және импорттаудың құқықтық мазмұны	56
А.О. БАЛҒЫНТАЕВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Қазақстан мен Белоруссияның қылмыстық процесінде ынтымақтастық туралы келісімдер: салыстырмалы талдау	67
Ж.И. ИБРАГИМОВ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының талаптарына сәйкес зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру	73
<i>Құқықтық мониторинг</i>	79
З.Ғ. ҚАЗИЕВ, А.Б. ЕСІМОВА Салалық құқықтық мониторингі: жалпы ұғымы, міндеті және жүргізу мүмкіндігі	79
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдірудің кейбір мәселелері	84
<i>Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен</i>	90
М.А. АЙЫМБЕТОВ Заңнама терминдерінің тұрақты тіркестік сипаты	90
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі тауар жиынтықтылығына қатысты заңнамалық және лингвистикалық мәселелер	95
<i>Шетелдік тәжірибе</i>	99
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Д.С. ҚАЖМҰРАТОВА Қылмыстық процеске қатысатын тұлғалардың құзыреттерін құқықтық регламенттеу (салыстырмалы талдау)	99
<i>Жас ғалым мінбері</i>	105
М.Е. ЖҰМАБАЕВА Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету саласында ЭЫДҰ жетекші елдерінің озық тәсілдеріне шолу	105
А.А. ЖАБАЕВА Төрелік келісім дауды шешудің негізі ретінде	109
А.С. НӘБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Құқықтық мониторингтің заң техникасы: проблемалар және шешу жолдары	113
Н.Р. ӘКІМОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы тараптарды татуластыру институтының қазіргі уақыттағы ахуалы	119
М.М. ТАСТАНОВА Маңызды халықаралық құжаттарда берілген бала құқықтары	125
Е.О. МҰХАМЕДЖАНОВ Жаңа Қазақстан Республикасының ҚПК бойынша жедел бөлімшелерінің іздестіру қызметінің құқықтық режимі	130
Н.Н. СҰЛТАНОВ Қазақстанның қылмыстық сот ісін жүргізудің жаңа моделіндегі қылмыстық қудағалаудың ерекшеліктері: қысқаша ретроспективалы шолу мен перспективалық көзқарас.....	134
А.Ж. БҰСЫРМАНОВ Төрелік дауларды шешудің балама құралы ретінде	140
Д. ҚАСЫМОВА Пленарлық отырыс Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқық түсіндіру қызметінің субъектісі ретінде	143
<i>Даналық ойлар: Н. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері.....</i>	148



**№1 (42)
2016**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А. С. Тукиев
И.Ш. Борчасвили

Редакционная коллегия:
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

«ВЕСТНИКУ ИНСТИТУТА
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РК» - 10 ЛЕТ

СОДЕРЖАНИЕ

О заседании коллегии Министерства юстиции Республики
Казахстан, г. Астана, 31 марта 2016 года (пресс-служба
Министерства юстиции РК) 5
10-летие научно-правового журнала «Вестник Института
законодательства Республики Казахстан» 6

Конституционное и административное право 8

А.С. СМАН На пути к справедливости: казахская госу-
дарственность и ее наследие (историко-правовой аспект) 8
Н.М. ПРИМАШЕВ Юридическая сила Конституции и
правовое качество: диалектика взаимозависимости 15
Т.М. ТОКПАЕВА Антикоррупционный менеджмент в
государственных органах, как эффективный компонент
транспарентного и подотчётного государства 21

Гражданское и гражданско-процессуальное право 27

В.Т. КОНУСОВА Alternative Dispute Resolution in the USA:
analysis of main advantages and disadvantages (Альтернативное
разрешение споров в США: анализ основных преимуществ
и недостатков)..... 27
Р.Е. ЖАКУПОВ Вопросы гарантийных выплат в трудовом
праве Республики Казахстан 32
Г.К. САГИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Этимология понятий
«экологическое управление» и «экологический менеджмент»
в контексте совершенствования экологического и пред-
принимательского законодательства 37

Уголовное право и уголовный процесс 40

З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о социо-
культурных основах терроризма и экстремизма и путях их
предотвращения 40
Р.А. ОРСАЕВА Особенности групповых уголовных
правонарушений среди несовершеннолетних 46
Ж.К. КОЖАНТАЕВА Особенности мошенничества,
присвоения или растраты вверенного чужого имущества,
совершаемых лицом с использованием своего служебного
положения 53

Международное право и сравнительное правоведение	56
М.А. САРСЕМБАЕВ Правовое содержание экспорта и импорта продукции АПК Казахстана на основе требований ВТО и ОЭСР	56
А.О. БАЛГЫНТАЕВ, А.К. КАНАТОВ Соглашения о сотрудничестве в уголовном процессе Казахстана и Белоруссии: сравнительный анализ	67
Ж.И. ИБРАГИМОВ Совершенствование законодательства в сфере интеллектуальной собственности в соответствии со стандартами Организации экономического сотрудничества и развития	73
Правовой мониторинг	79
З.Г. КАЗИЕВ, А.Б. ЕСИМОВА Отраслевой правовой мониторинг: общее понятие, задачи и возможности проведения	79
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА Некоторые вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан в сфере страхования предпринимательского риска	84
Из практики законотворчества на государственном языке	90
М.А. АЙЫМБЕТОВ Фразеологические особенности законодательных терминов	90
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Законодательные и лингвистические проблемы, касающиеся комплектности товара в Гражданском кодексе Республики Казахстан	95
Зарубежный опыт	99
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Д.С. КАЖМУРАТОВА Правовая регламентация компетенций лиц, участвующих в уголовном процессе (сравнительный анализ)	99
Трибуна молодого ученого	105
М.Е. ЖУМАБАЕВА Обзор передовых подходов ведущих стран ОЭСР в сфере защиты и обеспечения прав интеллектуальной собственности	105
А.А. ЖАБАЕВА Арбитражное соглашение как основа урегулирования спора	109
А.С. НАБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Юридическая техника правового мониторинга: проблемы и пути решения	113
Н.Р. АКИМОВА Современное состояние института примирения сторон в уголовном праве Республики Казахстан	119
М.М. ТАСТАНОВА Права ребенка в значимых международных актах.....	125
Е.О. МУХАМЕДЖАНОВ Правовые режимы розыскной деятельности оперативных подразделений по новому УПК Республики Казахстан	130
Н.Н. СУЛТАНОВ Особенности уголовного преследования в новой модели уголовного судопроизводства Казахстана: краткий ретроспективный обзор и перспективный взгляд	134
А.Ж. БУСУРМАНОВ Арбитраж как альтернативный инструмент разрешения споров	140
Д. КАСЫМОВА Пленарное заседание как субъект праворазъяснительной деятельности Верховного Суда Республики Казахстан	143
Мудрые мысли: максимы и афоризмы Н. Шайкенова	148



Жабаева Айдана Айсұлтанқызы,
*ҚР Заңнама институты халықаралық заңнама
және салыстырмалы құқықтану бөлімінің кіші ғылыми қызметкері,
«КазГЮУ Университеті» АҚ магистранты*

ТӨРЕЛІК КЕЛІСІМ ДАУДЫ ШЕШУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Халықаралық төрелікте іс қараудың маңызды элементі төрелік келісімге келу болып табылады. Төрелік келісім дегеніміз – тараптардың азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған немесе туындауы мүмкін дауды төреліктің қарауына беру туралы жазбаша келісімі (Төрелік сот туралы заң 2 б.). Бұл заңнамалық анықтама жалпы сипатқа ғана ие. Яғни бұл анықтаманың астарында бүгінгі күнге дейін жауабы табылмаған құқықтық табиғат жөніндегі мәселе жатыр. Бұл анықтаманы зерттей келе, екі түрлі: материалдық-құқықтық және процессуалдық құқықтық табиғатқа ие екенін байқаймыз.

Төрелік келісім өз алдына екі түрлі аспектіні қамтиды: бір жағынан ол тараптарды белгілі бір әрекет – төрелік соттың қарауына беру дауды беруге міндеттейді (позитивті нәтиже), ал екінші жағына алып қарасақ, дауды төрелік соттың қарауына берген соң, тараптар мемлекеттік сотқа осы даумен жүгіну құқығынан айырылады (негативті нәтиже) [1, б. 39]. Дауды төрелік сотқа берудегі тараптардың еріктерін есепке алу төрелік соттың негізгі қағидаларының бірі болып саналады. Дауды төрелік сотпен қарау үшін міндетті түрде тараптардың арасында төрелік келісім болуы тиіс. Кез-келген тұлға екінші тараппен тауардың сапасы немесе тауарды жеткізу туралы келісімге келген кезде келісімнің я болмаса міндеттеменің орындалмауы туралы ойланбауы мүмкін, ал егерде осындай әрекеттер орын алған жағдайда келіспеушілікті жою тәртібі келісімнің негізгі құрамдас бөлшегі болып табылады.

Екі тараптың өзара келісімдері негізінде арнайы мемлекеттік емес органға дау шешілуге беріледі. 1958 жылғы Нью-Йорк конвенциясы бойынша келісуші мемлекеттердің соттары бір тараптың өтініші негізінде істі төрелік соттың қарауына береді. Осыған орай, Конвенция төрелік келісімді процессуалдық сипаты бар ерекше шарт ретінде қарастырып, оның орындалуының

кепілдіктерін бекітеді [2, б. 74-81].

Төрелік келісімде тараптар айқындаған дауды шешу тәсілі көрсетіледі. Егер тараптар дауды төрелік сот қарауына беруді қажет деп тапса, онда мемлекеттік сот төрелік сотқа өз орнын береді. Төрелік келісімде дауды қарайтын соттардың өкілеттіктері тараптармен белгіленеді. Яғни тараптар даудың шеңберін қарастыра отырып, сотқа дауды шешудің әдіс-тәсілін, олардың құқықтары мен міндеттерін өздері анықтап береді.

Төрелік келісім төрелік сотты зерттеуші ғалымдардың басты назарында, десе де, оның құқықтық табиғаты әлі күнге дейін анықталған жоқ.

Жоғарыда аталған төрелік келісімнің құқықтық табиғаты жөніндегі ғалымдардың тұжырымдамасын негізгі 4 топқа жіктеуге болады:

1. Шарттық көзқарас. Бұл пікірді ұстанушылардың ойынша, төрелік келісім бұл тараптардың құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде төрелік сотпен шығарылған шешімді орындауға байланысты міндетті айқындайтын қарапайым азаматтық-құқықтық шарт.

2. Процессуалдық көзқарас. Бұл теорияның жақтаушылары төрелік келісімді мемлекеттік сот юрисдикциясына бағытталған процессуалдық сипаты бар келісім ретінде қарастырады.

3. Аралас көзқарас. Бұл тұжырымдаманың қолдаушылары төрелік келісімді процессуалдық құқықтық қатынастар туындайтын азаматтық құқықтық шарт ретінде таниды.

4. Автономды көзқарас. Бұл теорияның жақтаушылары керісінше, төрелік келісімді азаматтық құқықтық шарт ретінде танымайды. Себебі олардың пікірінше, ешбір азаматтық құқықтық шарт өз алдына процессуалдық сипатты иелене алмайды.

Әрине, төрелік келісімнің өзіндік ерекшеліктері бар екенін мойындау қажет,

алайда, ұлттық доктриналарға сүйенер болсақ, ол тараптардың құқықтарын қорғауға бағытталған азаматтық-құқықтық келісім.

Біздің пікірімізше, тараптар арасында дау туған жағдайда алдымен өзара келісімге келуге тырысады, оң нәтиже болмаған жағдайда соттың көмегіне жүгінеді. Және де ҚР АҚ бұзылған азаматтық құқықты қорғау үшін азаматтық қатынас субъектілеріне қай сотқа бару мүмкіндігін ажыратып қойған [3, ҚР АҚ 9 б.]. Басқа сөзбен айтқанда, субъект өз заңи мүддесін қорғау мақсатында мемлекеттік немесе төрелік сотты тандау құқығына ие.

Онымен қоса, төрелік келісім азаматтық құқықтық шарттан туындайтын құқықтар мен міндеттерді бекітпейді, керісінше шарттық міндеттемеден туатын құқық қорғау нысанын нақтылайды, және бұл келісім нақты азаматтық қатынасқа тікелей бағынышты болмайды.

Соттар азаматтық келісімнің процессуалдық немесе материалдық-құқықтық екенін анықтауы қажет емес, керісінше, заңи күшіне қатысты мәселелерді қарастыруы тиіс [4, б. 28-37].

Ал процессуалдық теорияның қателігі сонда, төрелік келісім тараптар сотқа жүгінбес бұрын жасалады, және ешқандай дау тумаса, нәтижесінде ешқандай сот процесі, процессуалдық құқықтық қатынастар орын алмайды.

Төрелік сот тәжірибесі мен теориясы төрелік келісімнің үш түрін көрсетеді. Олар төрелік келісім, төрелік ескертпе, төрелік жазба.

Төрелік келісім дегеніміз мүдделі тұлғалар арасында қандай да бір материалдық құқықтық шарттың орындалуы немесе түсіндірілуіне қатысты келіспеушілік туған жағдайда, дауды төрелік сот қарауына беру туралы өзіндік сипаты бар келісім. Сондай-ақ, егер тараптар араларында туған барлық даулар немесе болашақта тууы мүмкін дауды төрелік сот қарауына беру туралы келісімге келсе, мұндай келісім *compromissum plenum* (төрелік бас келісім) деп аталады.

Төрелік ескертпе немесе төрелік туралы ескертпе – бұл тараптардың материалдық-құқықтық қатынастарын реттеуші, және осы шартқа қатысты болашақта болуы мүмкін дауды төрелік сотпен қарастыру мәселесін көрсететін негізгі шартқа қосымша мәтін. Дау пайда болған соң төрелік сотқа дауды беру кезінде төрелік ескертпенің рөлі маңызды. Себебі ескертпе дауды шешудің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, сондықтан ол түсінікті әрі нақты құрастырылуы тиіс.

Төрелік жазба (шетелдік терминологияға

сәйкес көбінесе «компромисс» деп аталады) бұл тараптар арасындағы пайда болған дауды төрелік соттың қарауына беру жөніндегі негізгі шарттан тәуелсіз келісім. Бұрында компромисс тараптардың арасында татуластырушы процедура негізінде қол жеткізілген шешімді орындауға қатысты бір-біріне берген уәдесімен түсіндірілді.

Төрелік ескертпе мен төрелік жазбаның мазмұны мен құрамы арасында айырмашылықтар бар. Төрелік жазбамен салыстырғанда сауда саласында жасалатын келісімдерге аралық ескертпені қосу шынайы және жемісті әрекет. Себебі бұл дау пайда болған сәтте тез әрекет етуде көмегін тигізеді. Бұл сөзімізге дәлел ретінде Халықаралық Сауда Палатасы жанындағы Халықаралық төрелік соттың Бас Хатшысы С.Бонд жүргізген статистикалық мәліметті келтірейік. Аталған төрелікке 1988 жылы берілген 237 істің 233-і төрелік ескертпе негізінде қозғалған. Және қалған үшеуі ғана тараптар арасында дау туғаннан кейін соттың қарауына берілді [5, б. 67-70].

Төрелік келісімді құрудың негізгі мақсаты – тараптар үшін болжап білу мүмкін емес аралық соттың шешімін орындау. Төрелік келісімді жасасқан кезде іс жүргізу тәртібінің анық-қанығын көрсетіп, сондай-ақ іс қарау тәртібіне өзгеріс енгізудің қажеті жоқ. Көп жағдайда бұл мәселелер арбитрдың регламентіне сәйкес келмей жатады, нәтижесінде ол істі қараудан бас тартуы мүмкін. Төрелік келісімге артық шығармашылық белсенділікті қосу теріс нәтижеге әкеп соғуы мүмкін екенін алдын ала ойластырған жөн.

Төрелік сот шарттық және соттық элементті қамтиды. Төрелік соттың шарттық табиғаты екі мәселені алға тартады. Біріншісі – егер тараптар арбитрдің юрисдикциясына қатысты екі түрлі көзқараста болса, онда арбитр өзінің нақты іске қатысты түпкілікті шешім шығару өкілеттілігін айқындай алады ма!? Бұл сұрақтың жауабы – аталған мәселеге қатысты арбитр өз пікірін білдіреді. Бірақ тараптар арбитрге өз юрисдикциясы шегінде шешім шығаруды өтінсе, бәрібір де төрелік келісімді мәжбүрлі түрде орындату туралы шешім шығарған күннің өзінде де арбитр төрелік келісімде көрсетілген өкілеттілік шегінен тыс әрекет етпеуі тиіс. Ал екінші мәселе - негізгі шартқа қосымша төрелік ескертпенің табиғаты жөнінде болмақ. Яғни ескертпе жеке шарт немесе шарттың ажырамас бөлігі екенін анықтау қажет. Бірінші мәселеге қатысты арбитр мұндай өкілеттілікті

анықтай алады, ал екінші жағдайда тараптардың ескертпе жасау мақсаты айқындалуы тиіс. Кей жағдайларды тараптардың «ұзақ енжарлығы» орын алуы мүмкін. Мұндайда, тараптардың белсенділіктерінсіз жемісті шешім шығару мүмкін емес [6, б. 343-344].

Төрелік келісімге қосымша жасалатын төрелік ескертпені дұрыс жазу дауды тез әрі бейбіт түрде шешудің таптырмас құралы. Олай болса, келесі мәселелерді ескеру тиіс:

1. Төреліктің түрі
2. Төрелікке берілетін дау шеңбері
3. Төрелік соттың орны (ескертпеде ad hoc көрсетілу керек)

Стокгольм қаласындағы Сауда Палатасының Төрелік Институты, Париждегі Халықаралық Сауда Палатасының Төрелік Соты секілді тұрақты әрекет етуші төрелік соттарда ескертпе жасаудың үлгісі бар.

Жоғарыда келтірілген төрелік ескертпе жасаудың үлгі ұсыныстары төрелік соттың орны, іс жүргізу тілі, даудың мәні бойынша қолданылатын материалдық құқық секілді ережеледі бекітпейді. Сондай-ақ, төрелік соттың орны туралы мәселеге келгенде келесідей факторларды ескерген жөн:

1. Географиялық фактор – төрелік сот екі тарап үшін қолайлы жерде болуы тиіс. Көп жағдайда, тараптар төрелік сотты мүдделі емес үшінші елде орналастыруды жөн санайды.
2. Саяси фактор – елдегі саяси тұрақтылық пен қауіпсіздік жағдайы, арбитр мен тараптар және олардың өкілдері, сарапшылары, куәлары үшін қысқа уақытта виза алу мүмкіндігі.
3. Экономикалық фактор – тараптардың елдерінен және іс қаралатын елге тиісті құжаттарды, заттай дәлелдемелерді әкелу немесе әкетуге кедергі келтірмейтін жағдай жасау. Сондай-ақ аудармашыларға, жергілікті

мамандар – есепшілерге, инженерлерге және т.б. әкімшілік-техникалық қолдау көрсету.

4. Құқықтық фактор – төрелік сот өтетін елдегі заңнама ескірген немесе шиеленіскен болуы мүмкін. Сондықтан 1958 жылғы Нью-Йорк конвенциясына қосылған мемлекетті таңдаған дұрыс.

Егер тараптар келісімде іс жүргізу тілін анықтап қойған болса, онда олардың таңдауы арбитрмен мақұлданатыны сөзсіз. Ал егер анықталмаған болса, әдетте, шарт қай тілде жасалса іс сол тілде жүргізіледі. Егер келісім екі тілде жасалса онда арбитр іс жүргізу тілін таңдайды.

Және де, ескертпеде көрсетілуі тиіс мәліметтер:

1. Арбитрлар саны, олардың ұлты мен біліктілігі
2. Даудың мәніне қатысты құқық (заң)
3. Төрелік сотта іс қарау тілі
4. Төрелік келісімге қолданылатын құқық

Қазіргі таңда, халықаралық немесе ішкі құқықтық заңнамаларда тараптардың материалдық құқықты еркін таңдау құқығы бекітілген. Бұл қағида 1961 жылғы ССТ туралы Еуропалық конвенцияның 7 бабы, 1965 жылғы Вашингтон конвенциясының 42 бабы, Шарттық міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы 1980 жылғы Рим конвенциясының 21 бабы, ЮНСИТРАЛ төрелік регламентінің 33 бабы 1 тармағы, сондай-ақ Халықаралық төрелік туралы ҚР заңында көрініс тапқан.

Материалдық құқықты таңдау құқығы ішкі заңнамамен рұқсат етілмеуі де мүмкін. Көп жағдайда тараптардың таңдаған материалдық құқығын арбитрлар құрметтейді, алайда бұл әрекет елдің қоғамдық тәртібіне қайшы келіп жатса, онда мұндай материалдық құқық қолданылмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Котельников А.Г. Негативные последствия заключения арбитражного соглашения // Арбитражный и гражданский процесс. - 2004. - №8.
2. Белов А. Альтернативные способы разрешения споров // Право и экономика. - 1998. - №6.
3. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекс; жалпы бөлім; // Ақпараттық жүйе «www.adilet.zan.kz»
4. Arieff C. Arbitration to Easy Transnational Disputes Grows // Legal Times -1983. №3.
5. Bellet P. The Datco Case // International Law 1992.-C. 470-479.
6. William F. International commercial agreements // Yearbook Commercial Arbitration.-Oceana, 1998.- 322 б.



Мақалада халықаралық төрелікте іс қараудың маңызды элементі төрелік келісім дауды шешудің негізі ретінде қарастырылған.

Түйін сөздер: төрелік, төрелік келісім.

В данной статье рассматривается важный элемент арбитражного разбирательства - арбитражное соглашение как основа урегулирования спора.

Ключевые слова: арбитраж, арбитражное соглашение.

In this article considered the important element of arbitration the arbitration agreement as a basis for the settlement of disputes.

Keywords: arbitration, arbitration agreement.

Айдана Айсултанқызы Жабаета,

ҚР Заңнама институты халықаралық заңнама және салыстырмалы құқықтану бөлімінің кіші ғылыми қызметкері, «ҚазГЮУ Университеті» АҚ магистранты

Төрелік келісім дауды шешудің негізі ретінде

Жабаета Айдана Айсултанқызы,

младший научный сотрудник отдела международного законодательства и сравнительного правоведения Института законодательства РК, магистрант АО «Университет КазГЮУ»

Арбитражное соглашение как основа урегулирования спора

Zhabayeva Aidana Aisultankyzy,

Younger research fellow of Department of the international legislation and comparative law of the Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan, a candidate for a Master's degree of JSC «KAZGUU University»

The arbitration agreement as a basis for the settlement of disputes